

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ
КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БҒЫНША ФИЛИАЛЫ
ҚҰРЫЛТАЙ КҮЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАҢДЫ
№ 1259 БҰЙРЫҒЫ
Ж. « »
ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫ
С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ
ПРИКАЗ № 1259
«13» 01 2023 г.

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының
2022 жылғы «27» желтоқсан №06/2022 хаттамасымен бекітілді

Алматы қаласы
2022 жыл

1 тарау. Жалпы ережелер

1.1. «Bereke Bank» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Банк) акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған екінші деңгейдегі банк болып табылады.

1.2. Банктің атауы:

Қазақ тілінде: Толық: «Bereke Bank» Акционерлік қоғамы

Қысқаша: «Bereke Bank» АҚ

Ағылшын тілінде: Толық: Bereke Bank Joint Stock Company

Қысқаша: Bereke Bank JSC

Орыс тілінде: Толық: Акционерное общество «Bereke Bank»

Қысқаша: АО «Bereke Bank»

1.3. Банк 1993 жылғы 19 наурыздағы Банк құру туралы келісім негізінде құрылған және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен тіркелген (1993 жылғы 01 шілдедегі № 199 Банкті ашуға рұқсат). Банктің атауын "ТЕХАКАВАНК" АҚ-дан «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ге өзгерту 2007 жылғы 13 қаңтардағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізілді. Банк атауын «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ден «Bereke Bank» АҚ өзгерту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес 2022 жылғы «12» қыркүйектегі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде жүргізілді.

1.4. Банк заңды тұлға мәртебесіне ие және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар, осы Жарғыға сәйкес атқарады.

1.5. Банк қызметінің мақсаты Банк акционерлерінің мүдделерінде табыс табу, сонымен қатар, қазақстандық қаржы нарығына халықаралық дәрежедегі банк қызметтерін ұсыну болып табылады.

1.6. Банк өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауапкершілік атқарады. Акционер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін өзіне тиесілі акция құнының шегінде көтереді.

1.7. Банктің және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050059, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13/1 үй.

1.8. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

1.9. Банк филиалының орналасқан жері бойынша сақталатын Банк филиалдары туралы қағидаларды қоспағанда, Банк өзінің қызметіне қатысты құжаттарды Банк қызмет атқаратын мерзім бойына Банктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша электронды түрде және (немесе) қағаз тасымалдағышта сақтайтын болады.

2 тарау. Банк қызметінің түрлері

2.1. Банк қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша өкілетті органның (бұдан әрі – өкілетті орган) лицензиясы болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, ұлттық және (немесе) штелдік валютада барлық немесе белгілі банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

3) банктің және банктік операциялардың жекешеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

4) жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу, оларда аталмыш тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдар мен бағалы металдардан жасалған монеталардың физикалық саны көрінеді;

5) кассалық операциялар: қолма-қол ақшалардың ұсатылуы, айырбасталуы, қайта есептелуі, сұрыпталуы, оралуы мен сақталуымен қоса оларды қабылдау және беру;

6) аударым операциялары; заңды және жеке тұлғалардың ақшаларды аудару және төлем бойынша тапсырмаларын орындау;

7) есепке алу операциялары; вексельдер мен заңды және жеке тұлғалардың өзге де

борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконттау);

8) банктік заем операциялары; төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында ақшалай нысанда кредиттер беру;

9) шетелдік валютаға айырбастау операциялары, оның ішінде қолма-қол шетелдік валютамен айырбастау операциялары;

10) банкноталарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;

11) төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда);

12) аккредитивті ашу (қою) мен растау және сол бойынша міндеттемелерді атқару;

13) ақшалай нысанда орындауды қарастыратын банктік кепілдіктер беру;

14) ақшалай нысанда орындауды қарастыратын үшінші тұлғалар үшін банктік кепілдемелер мен басқа да міндеттемелерді беру.

15) өкілетті органның лицензиясында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа банктік операциялар.

2.2. Өкілетті органның лицензиясы болғанда Банк келесі операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

1) кесекті тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобындағы металдар), бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;

2) вексельдермен операциялар: инкассоға вексельдерді қабылдау, төлеушілерге вексельді төлеу бойынша қызметтерді ұсыну, сонымен қатар, делдалдық тәртіпте вексельдер акцептін, домицилденген вексельдерді төлеу;

3) лизингтік қызметті жүзеге асыру;

4) меншікті бағалы қағаздарды шығару (акцияларды қоспағанда);

5) факторингтік операциялар: сатып алушыдан төлем жасамау тәуекелін қабылдап тауарларға (жұмыстарды, қызметтерді) төлем жасауын талап ету құқықтарына ие болу;

6) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): айналымсыз вексельді сатып алу жолымен сатушыға тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемелерін төлеу;

7) сенімгерлік операциялар: сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасымен ақшаны, банктік қарыздар бойынша талап ету құқықтарын және тазартылған бағалы металдарды басқару;

8) сейфтік операциялар: құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, құжаттарды және клиенттердің құндылықтарын сақтау бойынша және сейф жәшіктерін, шкафтарды және жайларды жалға беруді қоса алғандағы қызметтер.

9) өкілетті органның лицензиясында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа операциялар.

2.3. Банк лицензиясы болған жағдайда бағалы қағаздар нарығында келесі кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызмет;

2) кастодиандық қызмет.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа қызмет,

2.4. Банк, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

3 тарау. Банк акционерлерінің құқықтары және міндеттері

3.1. Банк Акционері құқылы:

1) 2003 жылғы «13» мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң) және Банк Жарғысында қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтерді алуға;

3) келесі ақпаратты есепке алмағанда, Банк қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Банк Жарғысымен анықталған тәртіпте Банктің қаржылық есебімен танысуға;

талап қойылған күні қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған; соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілді деген талаппен);

орындалуы акционер жүгінген күні жүзеге асырылатын мәселелер туралы ақпаратты есепке алмағанда, қоғам қызметінің бұрынғы кезеңдеріне қатысты (акционер жүгінген күнге дейін үш жылдан астам);

4) бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушыдан немесе Банктің орталық депозитарийінен көшірмелерді алуға;

5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банк Директорларының кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;

6) сот тәртібінде Банк органдарымен қабылданған шешімдерді даулауға;

7) жеке немесе басқа акционерлермен бірлесіп Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайыздарын иеленген жағдайда, Банктің лауазымдық тұлғаларының Банкке келтірген шығындардың орнын толтыру және Банктің лауазымды тұлғалары мен (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау (жасауға ұсыныстар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олардың алған пайдасын (кірісті) Банкке қайтару туралы талабымен, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 63 және 74 баптарында қарастырылған жағдайларда өз атынан сот органдарына өтініш білдіруге;

8) банкке, оның қызметі туралы жазбаша сұранымдармен хабарласуға және сұраным Банкке түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;

10) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда белгіленген тәртіпте оның акцияларында айырбасталатын Банктің акцияларын немесе Банктің басқа бағалы қағаздарын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, артықшылықпен сатып алуға;

11) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда белгіленген тәртіпте Банк акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға қатысуға.

12) Өз бетінше немесе басқа акционерлерімен ортақтаса Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайыздын иеленген кезде, «Акционерлік қоғамдар туралы» заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақты енгізуді ұсынуға;

13) жеке немесе басқа акционерлермен жиынтық түрде Банктің бес және одан да көп дауыс беруші акцияларын иеленген жағдайда, жылдың қорытындылары бойынша директорлар кеңесінің бөлек мүшесіне және (немесе) Банктің атқарушы органына тиесілі, төмендегілер бір мезетте сақталған кездегі сыйақысының мөлшері туралы ақпарат алу:

- директорлар кеңесінің аталған мүшесі және (немесе) Банктің атқарушы органы өзі және (немесе) оның үлетес тұлғасы кіріс (табыс) алу мақсатымен Банк акционерлерін әдейі жаңылдыру фактінің сотпен анықталуы;

- егер директорлар кеңесінің аталған мүшесінің және (немесе) Банктің атқарушы органының жосықсыз әрекеті және (немесе) әрекетсіздігі Банкке шығын алып келгені дәлелденсе;

14) Банктің ішкі құжаттарында анықталған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қашықтан көзбе-көз тәртіпте өткізілетін Жалпы акционерлер жиналысының отырысына қатысуға.

3.2. Банк Акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) он жұмыс күні ішінде аталмыш акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына және (немесе) орталық депозитарийге Банк акциялары ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

3.3. Ірі акционердің Жарғының 3.1 тармағында көрсетілген құқықтарынан өзге келесідей құқығы бар:

1) Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе сотқа оны шақыру туралы шағым талаппен өтініш жасауға;

2) Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;

3) аудиторлық ұйымның Банкте өз есебінен аудит өткізуін талап етуге.

4 тарау. Банктің Жарғылық капиталы

4.1. Банктің Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (дара құрылтайшының) акцияларды номиналды құны бойынша және инвесторлардың «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағасы бойынша оларды төлеуі арқылы құрылады, және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.

4.2. Банк жарияланған акциялардың саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін өз акцияларын орналастыруға құқылы. Банк акцияларын орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешім Банктің Директорлар Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

4.3. Банктің Жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5 тарау. Акциялар және Банктің басқа бағалы қағаздары

5.1. Акциялар, оларды шығарған кезде, «Қазақстан Республикасының банктері мен банктік қызмет туралы» Заңның 16 бабы 2 тармағында белгіленген жағдайлардан басқа кезде, тек ақшалай төленеді. Акцияларды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

5.2. Банк Акционерлері шығарылатын акцияларды оларда бар акцияларға пропорционалды түрде артықшылықпен сатып алу құқығына ие. Бағалы қағаздардың артықшылықпен сатып алуға қоғамның акционерлерінің құқығын тарату тәртібі өкілетті органмен белгіленеді.

5.3. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

5.4. Банк қаражаттарды тарту үшін Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте облигациялар шығара алады.

5.5. Банктің бағалы қағаздарының шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесінде тіркеледі.

5.6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте айырбасталатын бағалы қағаздарды және туынды бағалы қағаздарды шығара алады.

5.7. Акционерлердің акцияларды және акцияларға айырбасталатын Банктің басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқықтарын жүзеге асыру мақсатында, Басқарма бағалы қағаздарды акционерлерге олардың басымды сатып алу құқығына сәйкес сатып алуды қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы ұсынады.

Жарияланымда төмендегі ақпарат көрсетіледі:

1) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздардың саны және түрлері;

2) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздардың олардың түрлері бойынша санына орналастырылатын (қоғам сатып алғандары шегерілген) акциялар санының қатынасы;

3) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 16 бабының талаптарын ескерілген, төлем мерзімін көрсетілген сатып алу шарттары;

4) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды орналастыру (сату) бағасы;

5) акционердің орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды төмендегілерді

көрсетіп сатып алуға өтінім бере алатын пошта мекенжайлары;

осындай пошта мекенжайларының әрқайсысымен Банктің бағалы қағаздарын басымды сатып алу құқығына сәйкес, Банктің акционерлерімен орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды олардың сатып алу мәселелері бойынша өзара әрекет етуін жүзеге асыратын тұлғалардың тегі, аты (болған кезде - әкесінің атын), байланыс деректемелері;

Банктің орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарын андеррайтер немесе эмиссиялық консорциум арқылы орналастырған (өткізген) кезде андеррайтердің (эмиссиялық консорциумның) атауы.

5.8. Акционер Жарғының 5.7 тармағына сәйкес, жарияланған күннен кейін отыз күнтізбелік күннің ішінде артықшылықпен сатып алу құқығына орай Банктің акцияларын немесе акцияға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын сатып алуға өтінім беруге құқылы.

5.9. Акционер артықшылықпен сатып алу құқықтарын алынатын Банктің акцияларына немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарға оларды сатып алуға өтінім берілген күннен кейін отыз күнтізбелік күннің ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы айтылмаса, төлем жасайды. Банктің акцияларына немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарға төлем жасалмаған жағдайда, көрсетілген мерзім өткен соң өтінім күшін жойды деп есептеледі.

5.10. Банктің «алтын акциялар» шығаруына тыйым салынады.

6 тарау. Қорлар және таза табысты бөлу

6.1. Банктің таза табысы Банктің меншігі болып табылады және резервті капиталды құру үшін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады. Банктің таза табысын пайдалану тәртібі Банк Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады.

6.2. Банктің резервті капиталы Банктің таза табысынан аудару жолымен қалыптасады. Аударым мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

6.3. Жүргізілетін операциялардың сипатына және масштабына сәйкес өз қызметін бақылаудың тиісті деңгейін және сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында, Банк қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құрады.

6.4. Банктің міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ таза табыс есебінен оның қызметін дамыту үшін, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, Банктің Директорлар кеңесінде пайдалану тәртібі анықталатын өзге қорлар Банк тарапынан құрылатын болады.

6.5. Банк акционерлерге, оларға тиесілі акциялар бойынша тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлей алады. Тоқсанның немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша бір акция есебінде төленетін дивидендтер мөлшері және оны төлеу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Жылдың қорытындысы бойынша бір акция есебінде төленетін дивидендтер мөлшері және оны төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қабылдайды.

6.6. Банк акциялары бойынша дивидендтер ақшамен не Банктің бағалы қағаздарымен төленеді, бірақ дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының қарапайым басымдылығымен қабылданған болуы тиіс.

6.7. Дивидендтерді төлеу Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап тоқсан күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс.

Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімі жүйесінде немесе номаналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің актуалды деректемелері туралы ақпарат болмаған жағдайда Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталатын тәртіпте және мерзімдерде, сұратылмаған ақшаны есепке алу арналған орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырады.

6.8. Төмендегі жағдайларда Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді

есептеуге жол берілмейді:

1) Меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Банктің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе жарамсыздығы белгілеріне жауап берсе, немесе көрсетілген белгілер Банктің акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде Банкте пайда болса;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларда.

7 тарау. Банк органдары

7.1. Келесілер Банк органдары болып табылады:

жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;

басқару органы - Директорлар Кеңесі;

атқарушы орган - Басқарма;

бақылау органы – ішкі аудит қызметі.

7.2. Директорлар кеңесі, Басқарма өз қызметтерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен оларға берілген өкілеттіктері шегінде орындайды.

8 тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы.

8.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқалай Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

8.2. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, өткен қаржылық жыл үшін Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері анықталады, акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініштері және оларды қарастыру қорытындылары жөніндегі мәселелер қарастырылады. Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлерге Банктің директорлар кеңесінің мүшелеріне және атқарушы органына берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешім қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарастыруға құқылы.

8.3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімде өткізілуі тиіс.

8.4. Акционерлердің жалпы жиналысында тек акционерлер немесе олардың өкілдері ғана қатыса алады. Акционерлердің жалпы жиналысына басқа тұлғалардың қатысуына тек акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде ғана рұқсат берілуі мүмкін.

8.5. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

1) Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар, оның өзгертулері мен толықтыруларын бекіту;

3) басымдықпен сатып алу құқығын қолданусыз Банктің орналастырылатын (сатылатын) акцияларының немесе Банктің жай акцияларына айырбасталынатын басқа бағалы қағаздарының тәртібін, шекті мерзімін және жалпы санын анықтау;

4) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

5) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акциялары түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6) Банктің бағалы қағаздардың айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар, оларды өзгерту;

- 7) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
 - 8) орналастырылған бір түрдегі акцияларды басқа түрдегі акцияларға алмастыру туралы шешім қабылдау, осылай алмастыру шарттары, мерзімдері мен тәртібін анықтау;
 - 9) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, мұндай бөлшектеу талаптарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау;
 - 10) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигацияларды шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару талаптарын анықтау;
 - 11) есептік комиссия өкілеттіктерінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 12) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесіне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шыққан шығындарының өтемақысы мөлшерін және төлеу шарттарын анықтау;
 - 13) Банк аудитын жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 14) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 15) есептік қаржылық жылға Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептегенде жылдың қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 16) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 17) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 18) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне, немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шыққан кезде Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 19) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру жөнінде акционерлерге Банктің хабарлау нысанын анықтау;
 - 20) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес, Банк ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне (егер әдістеме құрылтайшы жиналыста бекітілмесе, оны бекіту) енгізілген өзгертулерді бекіту;
 - 21) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 22) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау;
 - 23) нәтижесінде Банк активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе шеттетілетін (саты алынуы немесе шеттетілуі мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күні құны Банк активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатып алуға немесе шеттетуге (сатып алынуы немесе шеттетілуі мүмкін) алып келетін аса ірі мәміле жасау туралы Банктің шешім қабылдауы.
 - 24) Банктің мүддесі бар аса ірі мәмілені жасау туралы шешім қабылдау;
 - 25) Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленетін тізілім бойынша Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
 - 26) Банкке оның қызметтеріне байланысты мәселелер бойынша орындауы үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру;
 - 27) Банктің жылдық есебін бекіту;
 - 28) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасының Заңнамасына және (немесе) Банктің Жарғысына сәйкес, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын басқа мәселелер.
- 8.6. Осы Жарғының 8.5. тармағының 2), 3), 4), 5) және 20) тармақшаларында келтірілген мәселелер бойынша шешімдер Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады, осы Жарғының 8.5. тармағы 10), 24) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады, ал өзге мәселелер бойынша шешімдер, егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен және (немесе) Банктің Жарғысымен басқасы қарастырылмаса, дауыс

беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

8.7. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен қарастырылмаса, шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарына, лауазымды тұлғаларына және жұмыскерлеріне тапсыруға жол берілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жатқызылатын мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

8.8. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар Кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

Ерікті түрде таратылу үдерісіндегі Банктің акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және жүргізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

8.9. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:

- 1) атқарушы орган;
- 2) Банкпен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Банкті тарату комиссиясы жүзеге асырады.

8.10. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындар «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банкке жүктеледі.

8.11. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін Банк органдары бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның қуынуы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

8.12. Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы, егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы оның талаптарын орындамаған жағдайда, Банктің ірі акционерінің қуынуы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

8.13. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін орталық депозитарий Банк акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінің деректері негізінде жасайды. Көрсетілген тізімді құру күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешімді қабылдаған күннен ерте белгіленбейді.

8.14. Акционерлерге алдағы уақытта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналыс жөнінде отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру, яғни бір немесе одан да көп акционерлерді хабарландыру үшін пошта байланысы қолданылатын жиналыс жағдайында - жиналыс өткізілетін күнге дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлануы тиіс; Күн тәртібіне Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген Банк акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген пруденциалдық және басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында акционердің уәкілетті органының талап етуімен алдағы уақыттағы Акционерлердің жалпы жиналыс өткізілетіндігі туралы жиналыс өткізілгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру, яғни бір немесе одан да көп акционерлерді хабарландыру үшін пошта байланысы қолданылатын жиналыс жағдайында – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен он бес жұмыс күні бұрын. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялануы немесе акционерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жіберілуі тиіс. Егер Банк акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, акционерлер жазбаша хабарландырылуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарландыру акционерлерге қағаз бетінде немесе электронды түрде жіберіледі. Осы тармақта белгіленген, жоғарыда

аталған мерзімдердің есебі қаржылық есептілік депозитарийнің интернет-ресурсында хабарландыру жарияланған күннен кейінгі күннен немесе пошта жөнелтілген күннен бастап жүргізіледі.

Шешім көзбе-көз немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама келесіден тұруы тиіс:

- 1) Банктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысына шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күні, уақыты және өткізілетін орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыты, сонымен қатар, Банк акционерлерінің егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс қайталама Жалпы жиналысы өткізілетін күні мен уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күні;
- 5) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Банк акционерлерінің танысу тәртібі.
- 7) Акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілу тәртібі;
- 8) Сырттай дауыс беруді жүргізу тәртібі және сырттай дауыс беруге арналған процедура;
- 9) Қазақстан Республикасының заң актілерінің нормалары, оған сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы өткізіледі.

Аралас дауыс беру кезінде Банктің Жалпы акционерлер жиналысы өткізілетіні туралы хабарландыруда бюллетендер ұсынудың ақтық күні қосымша көрсетіледі.

Жалпы акционерлер жиналысы өткізілетіні туралы хабарландыру, шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданады, оған келесілер кіреді:

- 1) Банктің атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) Банктің Жалпы акционерлер жиналысына шақыртушы туралы мәліметтер;
- 3) Банктің Жалпы акционерлер жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін жасау күні;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетендер ұсыну басталатын және аяқталатын күндер;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
- 6) Банктің Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібі;
- 7) Банк акционерлерін Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Қазақстан Республикасының Банктің Жалпы акционерлер жиналысы сәйкестікте өткізілетін заңнамалық актілерінің нормалары.

Миноритарлық акционер жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш беруге құқылы.

Миноритарлық акционердің өтініш беру және орталық депозитарийдің ақпаратты басқа акционерлерге тарату тәртібі орталық депозитарийдің ережелер жинағында белгіленеді.

8.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар Кеңесі жасайды және онда талқылауға шығарылатын нақты қалыптасқан мәселелердің толық тізімін болуы тиіс. Көзбе-көз тәртіпте өткізілетін Жалпы акционерлер жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша алынған ұсыныстарды баяндауға міндетті. Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібін Банктің жиналысқа ұсынылған жалпы дауыс беруші акциялары санының көпшілік дауысы арқылы жүзеге асырылады. Көзбе-көз тәртіпте өткізілетін Жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібіне келесілер кіруі мүмкін:

- 1) жеке немесе басқа акционерлермен бірлесіп, Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайыздарын иеленген акционер немесе Директорлар Кеңесі ұсынған толықтырулар, Банк акционерлеріне осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарлануы шартты.

2) өзгертулер және (немесе) толықтырулар, егер оларды енгізу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы және Банктің дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

8.16. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтінде (барлық бюллетендер берілген немесе сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы акционерлер жиналысы кезінде бюллетендер беру мерзімі аяқталған күні) Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы елу және одан көп пайызына (Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде дауыс беру құқығына ие) ие акционерлер (акционерлердің өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және сол бойынша шешім қабылдауға құқылы. Өткізілмеген жиналыстың орнына шақырылған акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы, егер: кворумның болмау себебінен өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса; оған қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтінде онда Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы қырық және одан көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және сол бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

8.17. Көзбе-көз тәртіпте өткізілетін жалпы акционерлер жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізледі. Акционердің өкілі қатысуына және дауыс беруге өкілеттігін растайтын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген өзінің сенімхатын ұсынуы тиіс. Шешім аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Жалпы акционерлер жиналысының кворумын анықтау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционер өкілдерінің) бюллетендері есепке алынады.

Көзбе-көз тәртіпте жүргізілетін Жалпы акционерлер жиналысына келген акционер (акционер өкілі) тіркелуге міндетті. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есептелмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Егер бұған дейін дауыс беру бюллетенін жіберген акционер аралас дауыс беру арқылы өткізілетін Жалпы акционерлер жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бұған дейін жіберген бюллетені Жалпы акционерлер жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс есептеу кезінде есепке алынбайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарландырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы наразылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, жарияланған уақыттан ерте ашылмайды. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын, хатшысын, есеп комиссиясының мүшелерін сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің - ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) нысанын таңдайды.

8.18. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру осы Жарғының 8.17 тармағында аталған тұлғаларды сайлау мәселесі бойынша дауыс беруді қосқанда, келесі жағдайлардан өзге кезде «Банктің бір акциясы - бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстаың максималды санын шектеу;
- 2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыс беру.

Көзбе-көз тәртіпте немесе аралас дауыс беру арқылы өткізілетін жиналыстағы дауыс беру қорытындысы бойынша есептеу комиссиясы (ал есептеу комиссиясын сайлау талап етілген жағдайда – Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және қол қояды, ол Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасымен тігіледі, сондай-ақ дауыс беру туралы мәліметтер Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына енгізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары дауыс беру өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысы барысында хабарланады және акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күнтізбелік күннің ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Банктің корпоративтік интернет-ресурсында қазақ және орыс тірдерінде жариялау арқылы жеткізіледі.

8.19. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер осы Жарғының 8.13. тармағына сәйкес жасалған акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуі тиіс:

1) пошта байланысы құралын пайдалану кезінде – Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілген күнге дейін қырық бес күн бұрын кешіктірілмей жіберілуі тиіс;

2) хабарландыру электронды түрде немесе қаражылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы жіберілген кезде – Жалпы акционерлер жиналысы өткізілетін күнге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын. Сырттай дауыс беру кезінде Банк акционерлерінің саны жүз және одан көп болса, Банк қаражылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жалпы акционерлер жиналысында дауыс беру бюллетенін және жалпы акционерлер жиналысы өткізілетінін туралы хабарламаны жариялауға міндетті.

8.20. Дауыс беруге арналған бюллетень келесі деректерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастамашыл туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер берілетін соңғы күні;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы жабылатын күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау туралы мәселелерді қамтитын болса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аты-жөні;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) «қарсы емес», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен айқындалатын Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлғалы акционер (жеке тұлғалы акционердің өкілі) осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті көрсетіп қол қоюы тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған заңды тұлғалы акционердің бюллетеніне оның басшысы (заңды тұлғалы акционердің өкілі) қол қоюы тиіс. Жеке тұлғалы акционердің немесе заңды тұлғалы акционер басшысының немесе жеке тұлғалы акционердің өкілінің немесе заңды тұлғалы акционердің өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беру бюллетеніне сенімхаттың қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес куәландырылған көшірмесі немесе акционер өкілінің өкілеттігін растайтын өзге құжат қоса беріледі.

8.21. Дауыс беруге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылары тіркелген сәтте

немесе Жалпы жиналыс отырысын өткізбей шешім қабылданатын дауыстарды санаған күні Банктің алған бюллетеньдер қатысады.

8.22. Сырттай дауыс беру нәтижелері бойынша дауыстарды есептеуді және дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюды есептеу комиссиясы (егер есептеу комиссиясын сайлау қажет болмаса – Жалпы акционерлер жиналысы хатшысы) жүзеге асырады. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру қорытындылары туралы акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күнтізбелік күннің ішінде Банктің корпоративтік интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы хабардар етіледі.

8.23. Көзбе-көз тәртіпте немесе аралас дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына: Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы, есептеу комиссиясының мүшелері қолдарын қоюы тиіс.

8.24. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Жалпы акционерлер жиналысының хаттамасына есептеу комиссиясының мүшелері (егер есептеу комиссиясын сайлау қажет болмаса – Жалпы акционерлер жиналысы хатшысы) қол қоюлары тиіс.

9 тарау. Банктің Директорлар кеңесі

9.1. Директорлар кеңесі - Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретін құрайтын мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырушы Банк органы. Банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда, Банктің даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу және іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, акционерлер жиналысының күн тәртібін анықтау, осы Жарғының талаптарын сақтай отырып, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күнді анықтау;

3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын белгілеу;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда қарастырылған жағдайлардан басқа акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешімдерді қабылдау;

5) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда қарастырылған жағдайларда Банк акцияларын және (немесе) Банктің жай акцияларына айыбасталынатын басқа бағалы қағаздарын орналастыру (сату) туралы шешім қабылдау;

6) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;

7) Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

8) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережені бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитетінің мүшелері мен нақты бір комитетте жұмыс істеу үшін қажет кәсіби білімі бар сарапшыларды сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Банктің туынды бағалы қағаздарын және облигацияларын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар, оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

10) атқарушы органның өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын, жұмыс тәртібін анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін сайлау, сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) атқарушы орган жетекшісінің және мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау;

12) ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және жұмыскерлерін тағайындау, сонымен қатар, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит

қызметі басшысы мен жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттігі мерзімін, жұмыс тәртібін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;

14) қаржылық есеп беру аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар, Банктің акцияларды төлеуге берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтері төлемінің мөлшерін анықтау;

15) Директорлар кеңесі белгілейтін тізілім бойынша (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Акционерлердің жалпы жиналысы мен атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан басқа) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, соның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына қол қою талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

16) Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

17) Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғы капиталына қатысу үлесі) сатып алуы (иеліктен айыру) туралы шешім қабылдау;

18) акциялардың Банкке тиесілі он және одан да көп пайызы (жарғы капиталына қатысу үлесі) заңды тұлғаның жалпы акционерлер жиналысының (қатысушыларының) құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;

19) Банктің меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын ауқымда Банк міндеттемелерін ұлғайту;

20) қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

21) бекітілуі туралы шешім осы Жарғының 8.5-тармағы 23) және 24) тармақшаларына сәйкес Акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Банк мүдделі болып табылатын мәмілелерді және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулер аясында Банкпен ерекше қатынастағы тұлғалармен мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдау;

22) Банктің бюджетін және бюджетінің орындалуы туралы есептерді бекіту;

23) бас комплаенс-бақылаушыны тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін, жұмыс тәртібін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және еңбек талаптарын белгілеу;

24) корпоративтік басқару кодексі аясында омбудсменді тағайындау, оның өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу және мерзімінен бұрын тоқтату;

25) риск-менеджмент басшысын тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін, жұмыс тәртібін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және еңбек талаптарын белгілеу;

26) жұмыскерлердің ұйымдық құрылымын, шекті санын бекіту;

27) Директорлар кеңесі сандық құрамын анықтау, өкілеттігінің мерзімін, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен талаптарын анықтаулы есепке алмағанда, Акционерлердің жалпы жиналысына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

28) корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Банктің атқарушы органының мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

29) Банкке оның қызметтеріне байланысты мәселелер бойынша орындауы үшін тікелей жедел тапсырмалар беру;

30) атқарушы орган мүшелерін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін, корпоративтік хатшыны, бас комплаенс-бақылаушыны, риск-менеджмент басшысын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, сондай-ақ тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу;

31) Банктің жеке капиталының бес пайызынан асатын проблемалық активтер бойынша берешекті реттеу бойынша шешім қабылдау;

32) Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына Банктің өткен қаржы жылы үшін таза

табысын үлестіру тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы есеппен дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды шығару:

33) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған басқа да мәселелер.

9.2. Осы Жарғының 9.1. тармағымен белгіленген тізбедегі мәселелер шешілуі үшін Басқармаға берілмейді.

9.3. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте өкілетті органмен келісілуі тиіс, және Банктің Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысымен қайта сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Келесі тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайланбайды:

1) өтелмеген немесе заңмен қарастырылған тәртіпте істен алынбаған соттылығы бар;

